

Электрондық сайлау жүйесін "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңымен реттелмейтін бөлігінде пайдалану ережелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы Төрайымының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 128/164 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 27 тамызда тіркелді. Тіркеу 3038.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңы 12-бабының 1) тармақшасына және 50-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Электрондық сайлау жүйесін "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңымен реттелмейтін бөлігінде пайдалану ережелері (бұдан әрі - Ережелер) бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы басшылыққа алу үшін облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының сайлау комиссияларына жіберілсін.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
Төрайымы

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
2004 жылғы 18 тамыздағы
№ 128/164 қаулысымен
бекітілген

Электрондық сайлау жүйесін "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңымен реттелмейтін бөлігінде пайдалану ережелері

Ескерту. Атауы және жоғарғы оң бұрыш жана редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Электрондық сайлау жүйесін пайдалана отырып дауыс беру кезінде "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының нормалары, төмендегідей ерекшеліктерді ескере отырып, қолданылады.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Дауыс беруге арналған үй-жайды безендіру

Ескерту. 1-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Алып тасталды - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Сайлау комиссияларының үй-жайларында электрондық сайлау жүйесінің жабдықтарын сақтау үшін қажетті жағдайлар қамтамасыз етіледі.

3. Дауыс беруге арналған үй-жайларда орнатылған жасырын дауыс беруге арналған кабиналардың ішінде: сайлаушыға дауыс беруге арналған терминалды қалай пайдалану керектігін түсіндіретін нұсқаулық, осы Ережелерге 1-қосымшаға сай экранында электрондық сайлау бюллетені көрсетілетін дауыс беруге арналған терминал орналастырылады. Электрондық сайлау бюллетенінде кандидаттардың тегі, аты, әкесінің аты, сайлау бюллетеніне енгізілген және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың атаулары көрсетіледі.

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Дауыс беру үшін сайлау учаскесін ашу

Ескерту. 2-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Сайлау комиссиясының төрағасы дауыс беру басталардан 30 минут бұрын комиссия мүшелерінің қатысуымен:

1) электрондық сайлау жүйесінің дұрыс жұмыс істеп тұрғандығын тексереді;

2) сайлаушыларды есепке алуға, осы Ережелерге 2-қосымшаға сай электрондық дауыс беруге арналған құрылғыларды - сайлаушының электрондық карточкаларын беруге жауапты және осы сайлау учаскесіне келген, бірақ сайлаушылардың тізімдерінде жоқ сайлаушылар туралы деректерді нақтылау үшін округтік немесе облыстық, Астана және Алматы қалалық сайлау комиссияларымен байланыста болатын комиссия мүшелерін айқындайды;

3) алып тасталды – ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 01.12.2005 N 50/105 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының 16.09.2005 N 17/39, 01.12.2005 N 50/105 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4-1. Дауыс беру басталғанға дейін сайлау комиссиясының төрағасы электрондық сайлау жүйесін іске қосудың мөр басылып жабылған паролін ашады және оны енгізу жолымен электрондық сайлау жүйесін іске қосады. Бұл ретте паролдің сақталу шараларының бүтіндігіне алдын-ала көз жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс сенім білдірілген адамдар, байқаушылар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысуға құқылы.

Ескерту: 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының 01.12.2005 N 50/105 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Сайлау комиссиясының төрағасы сайлау учаскесінің дауыс беруге арналған үй-жайындағы сайлаушылардың бір мезгілдегі санын реттейді.

Сайлаушылардың саны электрондық бюллетеньдердің санынан асып кеткен жағдайда, сайлаушылардың дауыс беруді жүзеге асыруына кедергі келтірілмейтіндей етіп, кезекке тұру белгіленеді.

3. Сайлау учаскесінде дауыс беруге жіберу

Ескерту. 3-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Сайлаушылардың тізімінде тіркелген сайлаушы сайлау комиссиясының мүшесіне жеке куәлігін көрсетеді.

Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының 16.09.2005 N 17/39 қаулысымен.

7. Сайлау комиссиясының мүшесі штрих-кодты оқу немесе сайлаушы туралы деректерді енгізу арқылы алынған және компьютер экранында пайда болған мәліметтерді сайлаушының жеке куәлігінде көрсетілген мәліметтермен салыстырып тексереді.

Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының 16.09.2005 N 17/39 қаулысымен.

8. Салыстырып тексеру оң нәтижені көрсетсе, сайлаушы іске қосылған электрондық дауыс беруге арналған құрылғыны (сайлаушының электрондық карточкасын) алады.

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының 16.09.2005 N 17/39 қаулысымен.

9. Алып тасталды - ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының 16.09.2005 N 17/39 қаулысымен.

4. Сайлау учаскесінде дауыс беру

Ескерту. 4-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Электрондық дауыс беруді сайлаушы жасырын дауыс беруге арналған кабинада жүзеге асырады, онда Конституциялық заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзге адамдардың қатысуына тыйым салынады.

Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Дауыс беру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

Жасырын дауыс беруге арналған кабинада сайлаушы электрондық дауыс беруге арналған құрылғыны (сайлаушының электрондық карточкасын) дауыс беруге арналған терминалға салады. Электрондық сайлау бюллетенінің экранында (бұдан әрі - экран) дауыс беруге шақыру пайда болған соң, сайлаушы тиісті жазулар пайда болатын орындардағы экранға басу арқылы дауыс беру тілін, содан кейін өзі дауыс бергісі келетін кандидаттың тегін, аты мен әкесінің атын таңдайды.

Сайлаушы саяси партиялар үшін дауыс бергенде тиісті саяси партияның атауы пайда болатын орындардағы экранға басу арқылы дауыс беру рәсімін қайталайды.

Сайлаушы дауыс санауда өз дауысының дұрыс есептелгенін тексергісі келсе, ол мынадай іс-әрекет жасайды: экранда оның дауысы қабылданғаны туралы және "

Спасибо", "Рахмет" деген жазулар пайда болысымен, бірден "1"- және "2"-кнопкаларды кез келген реттілікте басады. Экранда төрт орынды сан (сайлаушының тексеру коды) пайда болады, ол оны жадында сақтайды не жазып алады. Бұл сан учаскелік сайлау комиссиясының қорытынды хаттамасына қоса берілетін басылымға жазылатын болады.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 16.09.2005 N 17/39, 27.06.2007 N 91/180 қаулыларымен.

12. Жасырын дауыс беруге арналған кабинада дауыс берген сайлаушы электрондық дауыс беруге арналған құрылғыны (сайлаушының электрондық карточкасын) дауыс беруге арналған терминалдан шығарады және оны сайлаушының көзінше дереу, дауыс беру нәтижелерін учаске компьютеріне есепке қосу үшін осы Ережелерге 3-қосымшаға сай жинақтаушыға салатын сайлау комиссиясының мүшесіне береді.

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Дауыс беру үшін сайлау учаскесіне келе алмайтын және үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді өтініп жазбаша арыз берген сайлаушылар тасымалданатын электрондық бюллетеннің көмегімен дауыс береді.

Берілген өтініштерге сәйкес, дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беретін сайлаушылар туралы деректерді, учаскелік сайлау комиссиясы кемінде 200 сайлаушыға арналған жады бар тасымалданатын электрондық бюллетеньге енгізеді. Дауыс беру Конституциялық заңның 41-бабының 6-тармағында белгіленген тәртіпке сәйкес өткізіледі.

Ескерту: 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Электрондық дауыс беруге және дауыстарды санауға кедергі келтіретін техникалық ақаулар туындаған жағдайда сайлау комиссиясы бағдарламаны қайта қосу туралы шешім қабылдауға құқылы, ол хаттамамен ресімделеді және оған сайлау комиссиясының мүшелері қол қояды. Бұл шешімнің орындалуы электрондық сайлау жүйесін пайдалануды қамтамасыз ететін маманға жүктеледі.

15. Егер жабдықтың техникалық жай-күйі сайлауды тиісті дәрежеде өткізуге мүмкіндік бермесе, онда тиісті сайлау учаскесінде дауыс беру Орталық немесе тиісті аумақтық сайлау комиссиясының шешімімен ақауларды жоюға және дауыс беруді ұйымдастыруға қажетті мерзімге кейінге қалдырылады.

5. Электрондық сайлау жүйесін пайдаланған кезде дауыстарды санау

Ескерту. 5-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Электрондық дауыс беруді пайдаланған кезде дауыстарды санау электрондық сайлау жүйесімен жүргізіледі.

17. Дауыстарды санау, Конституциялық заңның 50-6-бабына сәйкес, осы учаскеде дауыс беру аяқталысымен дереу жүзеге асырылады, бірақ осы учаскедегі дауыс беруге арналған барлық құрылғыларда қамтылған деректер электрондық сайлау жүйесіне енгізілмей тұрып басталмауы керек.

Ескерту: 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Дауыстарды санау туралы мәліметтер дауыс беру туралы деректер құрылғысында тіркелуге тиіс.

19. Сайлау комиссиясының мүшелері қол қойған электрондық хаттаманың қағаздағы көшірмесі сайлау учаскесінің үй-жайында жалпыжұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілінеді және үй-жайда екі күн бойы тұрады.

Электрондық хаттаманың көшірмесіне өздерінің дауыстары есептелуінің дұрыстығын тексергісі келетін сайлаушылар үшін төрт орынды нөмірлермен (сайлаушының тексеру коды) басылым қоса тіркеледі.

20. Сайлау учаскесіндегі электрондық дауыс беру нәтижелері туралы ақпарат электрондық жүйемен электрондық хаттамаға енгізіліп, ол комиссия төрағасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады.

21. Дауыстарды санау кезінде қатысқан адамның тілегі бойынша оған комиссия төрағасы мен хатшысының қолдары қойылып, тиісті сайлау комиссиясының мөрімен расталған, электрондық дауыс беру нәтижелері туралы электрондық хаттаманың қағазға түсірілген көшірмесі беріледі.

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
2004 жылғы 18 тамыздағы
N 128/164 қаулысымен бекітілген
электрондық сайлау жүйесін
Қазақстан Республикасының
"Қазақстан Республикасындағы
сайлау туралы" Конституциялық
заңымен реттелмейтін бөлігінде
пайдаланудың тәртібі жөніндегі
Ережелерге қосымша

Ескерту: Қосымша алынып тасталды - ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының 26.09.2005 N 17/39 қаулысымен.

Электрондық сайлау жүйесін
"Қазақстан Республикасындағы
сайлау туралы"

Қазақстан Республикасының
1995 жылғы 28 қыркүйектегі
Конституциялық заңымен
реттелмейтін бөлігінде
пайдалану ережелеріне
1-қосымша

Ескерту: Қосымшамен толықтырылды - ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының 16.09.2005 N 17/39, өзгеріс енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Электрондық сайлау жүйесін пайдалана отырып дауыс беру кезінде қолданылатын дауыс беру терминалы (суретті қағаз мәтінінен қараңыз)

Электрондық сайлау жүйесін
"Қазақстан Республикасындағы
сайлау туралы"
Қазақстан Республикасының
1995 жылғы 28 қыркүйектегі
Конституциялық заңымен
реттелмейтін бөлігінде
пайдалану ережелеріне
2-қосымша

Ескерту: Қосымшамен толықтырылды - ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының 16.09.2005 N 17/39, өзгеріс енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Электрондық сайлау жүйесін пайдалана отырып дауыс беру кезінде қолданылатын сайлаушының электрондық карточкасы (суретті қағаз мәтінінен қараңыз)

Электрондық сайлау жүйесін
"Қазақстан Республикасындағы
сайлау туралы"
Қазақстан Республикасының
1995 жылғы 28 қыркүйектегі
Конституциялық заңымен
реттелмейтін бөлігінде
пайдалану ережелеріне
3-қосымша

Ескерту: Қосымшамен толықтырылды - ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының 16.09.2005 N 17/39, өзгеріс енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының 09.12.2014 № 23-251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

**Электрондық сайлау жүйесін пайдалана отырып
дауыс беру кезінде қолданылатын жинақтаушы (суретті қағаз мәтінінен
қараңыз)**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК